

Акционерлік компаниялар жөнінде

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1 тамыз 1994 ж. N 300-ө

1. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы мен "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына Ротшильд-банкпен (Ұлыбритания) құйма түрдегі қымбат металдардың Лондон рыногының қауымдастығында күміске аттестация өткізу жөніндегі жұмысты орындау үшін контракт жасасуға және осы мақсатпен бір жылға дейінгі мерзімге кейіннен республикаға қайтарылатын жалпы салмағы 340 килограмға дейін он құйма күміс және жалпы салмағы 0,3 килограмға дейін күмістің он сынамасын әкетуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына көрсетілген мөлшерде күміс әкетуге лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне әкетілген күмістің бір бөлігін аттестация жөніндегі қызмет көрсетуге төлеу мақсатында сату мәселесін қарау ұсынылсын.

Премьер-министр